

«Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз»

«Тілдің өзіндік қасиетін ретсіз полиграфиялық техникаға бағындырмай, керісінше тілдің халықтық қасиетін полиграфиялық техника арқылы дұрыс көрсетуге, демек, ол халықтың қағаз бетіне түскен қараны жеңіл түсінуіне жақсы жағдай жасауды көздеуіміз керек.»

Ісмет Кеңесбаев

Ісмет Кеңесбаев – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі Кеңесбаевтың есімімен байланысты. Қазақ мектептерінің бірнеше толқын түлектері Кеңесбаев жазған оқулықтармен сауат ашты, ана тілінің ғылыми жүйесімен танысты. Ғалымның қазақ тілі фонетикасы мен лексикологиясын талдаған ғылыми монографиялары жоғары оқу орындарында негізгі оқулықтардың бірі ретінде күні бүгінге дейін қолданылуда. Ісмет Кеңесбаевтың қазақ тіл білімінің қалыптасуына, соның ішінде фразеология мен лексикографияны зерттеу саласындағы қызметі орасан зор.

Саналы ғұмырын ел ғылымын дамыту ісіне арнаған ұстаз - ғалым Ісмет Кеңесбаевтың өнегелі өмірі, тіл ғылымын зерттеу ісін ұйымдастырудағы ерен еңбегі, ұлттық ғылым мүддесі жолындағы табандылығы өскелең ұрпаққа насихаттауға және үлгі етуге тұрарлық.

2022 жылы наурыздың 3 жұлдызында Солтүстік Қазақстан университетінің «Коворкинг орталығында» көрнекті филолог, түркітанушы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, ғалым - лингвист Ісмет Кеңесбаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараға тіл және әдебиет институтының РЛ-21 және ИФ -21 тобының студенттері мен «Практикалық қазақ тілі» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Қуандықова Данагүл Қайнетқызы қатысты.







Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. - Алматы: Арыс, 2008. - 608 б.
2. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
3. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: Арыс, 2007. - 800 б.
4. Орысша - қазақша фразеологиялық сөздік. - Алматы: Ғылым, 1989. - 232 б.
5. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. - 640 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1974. - 695 б.
7. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі / Рецензент І. Кеңесбаев. - Алматы: Ғылым, 1990. - 320 б.
8. Смағұлова Г. Тіл білімінің тарландары: оқу құралы. / Г. Смағұлова. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 156 б.
9. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. - Алматы, 1962.
10. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. - Алматы, 1977.

